

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және босату жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2008 жылғы 21 мамырдағы N 289 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 2 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5226 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 16 қарашадағы N 711 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009.11.16 N 711 бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз.

"Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы Заңының 6-бабы 14) тармақшасына сәйкес рецептілерді жазып беруді және рецептімен берілуі тиіс дәрілік заттарды босатуды реттеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және дәрігердің рецептісі бойынша босату жөніндегі ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшылары (келісім бойынша) және республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары осы Ережені басшылыққа алсын және орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті (Баймұқанов С.А.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құқықтық жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаменті (Малғаждарова Б.Т.) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгенінен кейін заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. "Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және дәрігердің

рецептісі бойынша босату жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 3 ақпандағы N 38 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 14 ақпанда N 3440 тіркелген, 2005 жылғы 27 қазандағы N 197-198 (931-932) Юридическая газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Т. Омаровқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р д і н
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы Ә. Нүсіпова

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы » 2 1 » м а м ы р д а ғ ы
N 2 8 9 б ұ й р ы ғ ы м е н
б е к і т і л г е н

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және босату жөніндегі ереже

1. Рецептiлердi денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлерi өз құзыретi шегiнде осы Ереженiң 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бланкiлерге тиiстi медициналық айғақтар болған жағдайда жазып бередi.

Рецептiлер рецептiнi жазып берген медицина қызметкерiнiң қолымен және жеке мөрiмен расталады.

2. Дәрiлiк заттармен тегiн немесе жеңiлдiкпен қамтамасыз етiлуге құқығы бар сырқаттардың жекелеген санаттары үшiн дәрiлiк заттарды тегiн немесе жеңiлдiктi жағдайларда алуға арналған рецептiлер осы Ереженiң 2-қосымшасына сәйкес бланкiлерге жазып берiледi.

Дәрiлiк заттарды тегiн немесе жеңiлдiктi жағдайларда алуға арналған рецептiлерге денсаулық сақтау ұйымының бөлiмше меңгерушiсi қосымша қолын қояды және "Рецепт үшiн" деген жазуы бар мөрiмен растайды.

Дәрiлiк заттарды тегiн немесе жеңiлдiкпен алуға арналған рецептiлерге қол қою құқығы бар бөлiмше меңгерушiлерiнiң тiзiмi мен қол қою үлгiлерiн денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекiтедi және ол денсаулық сақтауды

мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен тиісті шарты бар дәріхана ұйымдарына жіберіледі.

Фельдшерлік-акушерлік пункттің меңгерушісі дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті жағдайларда алуға арналған рецептіге қол қояды және фельдшерлік-акушерлік пункттің мөрімен растайды.

3. Селолық елді мекендерде, дәрігер болмаған жағдайда, рецептіні сырқаттарды амбулаторлық қабылдау жүргізетін орта буындағы медицина қызметкерлері жазып береді.

4. Қазақстан Республикасында тіркелмеген және қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецептілер жазып беруге болмайды.

5. Рецептілер сырқаттың жасы және дәрілік заттың құрамындағы ингредиенттер әсерінің сипаты ескеріле отырып, жазылып беріледі.

6. Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікпен алуға арналған рецептінің мазмұны мен нөмірі сырқаттың амбулаториялық картасында көрсетіледі. Рецептілердің бланкілері осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рецепт бланкілерін есепке алатын арнайы нөмірленген, тігілген, ұйым басшының қолымен және денсаулық сақтау ұйымның мөрімен бекітілген кітапта тіркеледі.

7. Рецептілер бланкілердегі көрсетілген барлық бағандар міндетті түрде толтырыла отырып, анық жазумен латын тілінде жазылып беріледі. Дәрілік затты қолдану тәсілі қабылдау мөлшері, жиілігі мен ұзақтығы көрсетіле отырып, мемлекеттік және орыс тілінде жазылады. Жалпы нұсқаулармен ("Белгілі", "Ішке", "Сыртқа") шектелуге болмайды. Рецептте түзетулерге рұқсат етілмейді.

8. Рецептінде осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес қысқартып жазуға болады.

9. Тегін немесе жеңілдікпен алынатын және құрамында 8-оксихинолиннен шыққан заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер бар дәрілік заттар алуға арналған бір рецепт бланкісіне бір дәрілік зат жазылып беріледі.

Қалған дәрілік заттарды бір рецепт бланкісіне кем дегенде екі дәрілік заттан басқа жазуға болмайды.

10. Дәрілік затты жоғары бір рет қолданылатыннан артық мөлшерде жазып беру кезінде дәрігер рецептіге дәрілік заттың мөлшерін жазумен және леп белгісімен белгілейді. Дәрігер осы талапты сақтамаған жағдайда фармацевтика қызметкері жазылып берілген дәрілік затты белгіленген жоғары бір рет қолданылатын мөлшердің жартысын босатады.

11. Рецептілер тек қана стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында қолданылатын дәрілік затқа жазылып берілмейді.

12. Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті жағдайларда алуға арналған рецептілер және құрамында 8-оксихинолиннен шыққан заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер бар дәрілік

заттардың жарамдылық мерзімі жазылып берілген күннен бастап 10 күнге дейінгі мерзімді құрайды.

13. Тұрақты (ұзақ) емделуі қажет сырқаттарға осы ереженің (12-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа) рецептінің қолданылу мерзімі үш айға дейін белгіленуі тиіс. Бұл жағдайда рецептілерде "арнайы тағайындалған" және дәріханада дәріні босату мерзімділігі бойынша ("апта сайын",»"ай сайын") деген жазулар болуы тиіс, олар рецепт жазып берген дәрігердің қолымен және жеке мөрімен бекітілуі тиіс.

14. Қалған рецептілердің мерзімі жазылып берілген күнінен бастап бір айға дейін жарамды.

15. Жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмейтін және (немесе), үйлеспейтін компоненттерден тұратын дәрілік зат бар рецепт жарамсыз деп саналады және дәріханада қалдырылады.

16. Жарамсыз рецептілердің "Рецепт жарамсыз" деген мөртабанмен күші жойылады, осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес дұрыс жазылып берілмеген рецептілерді есепке алатын арнайы нөмірленген, тігілген, ұйым басшының қолымен және фармацевтикалық қызмет объектілерінің мөрімен бекітілген журналға тіркеледі. Дұрыс жазылып берілмеген рецепт туралы ақпарат денсаулық сақтау ұйымының басшысына жіберіледі.

Бұл ретте фармацевтика қызметкері, құрамында үйлеспейтін компоненттер бар дәрілік заттарды қоспағанда, жазылып берілген дәрілік затты сырқатқа босатады.

17. Дәрілік заттар, рецептісіз босатылатын дәрілік заттарды қоспағанда, дәрігердің рецептісі бойынша босатылады. Бұл ретте дәріхана ұйымдарында танысып-оқу үшін қолайлы жерде»"Дәрігердің рецептісі бойынша беруге арналған дәрілік заттарды рецептісіз өткізуге тыйым салынады" деген ақпараттың болуы тиіс.

18. Тегін немесе жеңілдікті жағдайларда рецепті бойынша дәрілік заттарды босатуды денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен тиісті шарты бар дәріханалық ұйымдар жүзеге асырады.

Бұл ретте фармацевтикалық қызмет объектілері рецептілерде көрсетілген деректерді дәрілік заттарды тегін және жеңілдікпен алуға арналған рецептілерге қол қою құқығы бар бөлімше меңгерушілерінің қол қою үлгілерімен және қолда бар тізіммен салыстыруы тиіс.

19. Дәрілік затты рецептіде көрсетілген көлемде босату қажет болған жағдайда блистерлікті қоспағанда, түпнұсқалық зауыттық орамды бұзып босатуға болады, дәріханалық орамда фармацевтикалық қызмет объектісінің, дәрілік заттың атауы, препараттың саны, мөлшері, сериясы, жарамдылық мерзімі , қолдану тәсілі мен сақтану шаралары міндетті түрде көрсетіледі.

20. Республиканың әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде (аудан, қала, облыс) жарамды тегін немесе жеңілдікпен босатылатын дәрілік заттарға арналған рецептілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттарға жазылып берілген рецептілер республиканың барлық аумақтарында жарамды.

21. Фармацевтикалық қызмет объектілерінің дәрілік заттарға арналған рецептілерді сақтау мерзімі:

1) тегін және жеңілдікті жағдайларда босатылғандар - 3 жыл;

2) құрамында 8-оксихинолиннен шыққан заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер барлар - 3 ай.

Бұл ретте фармацевтика қызметкері дәрілік затты босату кезінде сырқатқа рецептіде көрсетілген қолдану тәсілін қайталайды.

22. Фармацевтикалық қызмет объектілеріне бұрын сатып алынған дәрілік заттарды жеке адамдардан және мекемелерден қабылдауға болмайды.

23. Сақталу мерзімі өткен соң рецептілер жойылуы тиіс.

24. Рецептілерді жою үшін құрамында басшысы және материалдық - жауапты адамдары бар фармацевтикалық қызмет объектісінің комиссиясы құрылады.

Комиссия жойылған рецептілердің саны жазумен көрсетілетін жою туралы акт жасайды.

Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлар бар дәрілік
заттарды қоспағанда,
дәрілік заттарға рецепт
жазып беру және босату
жөніндегі ережеге

1-қосымша

Ф о р м а т

А 6

А6 форматы

Нысанның БҚСЖ бойынша коды _____
Код формы по ОКУД _____
КҰЖЖ бойынша ұйым коды _____
Код организации по ОКПО _____

Қазақстан Денсаулық министрлігі	Республикасы сақтау Министерство	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 200____ жылғы "____" _____
---------------------------------------	--	--

здравоохранения Республики Казахстан		бұйрығымен N 130/е	бекітілген нысанды
		медициналық құжаттама	
Ұйымның атауы Наименование организации		Медицинская Форма N 130/у	документация утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от "___" _____ 200__ года N ___

Ұйымның мөртабаны, шифры

Штамп, шифр организации

РЕЦЕПТ

БАЛАҒА АРНАЛҒАН
ДЛЯ РЕБЕНКА

ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН
ДЛЯ ВЗРОСЛОГО

(сызып қою керек - подчеркнуть)

200 ___ ж. »"___" _____

(рецептің жазылған күні -
дата выписки рецепта)

Сырқаттың Т.А.Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) _____

Дәрігердің Т.А.Ә. (Ф.И.О. врача) _____

Т Е Ң Г Е | Т И Ы Н | R p .

Т Е Ң Г Е | Т И Ы Н | R p .

D.S. _____

Рецептің жарамдылығы (рецепт действителен): 10 күн (дней), 1 ай (месяц), арнайы тағайындау бойынша:»"апта сайын" немесе»"ай сайын" (по специальному назначению:»"еженедельно" или»"ежемесячно") (сызып қою керек - нужное подчеркнуть)

ДӘРІГЕРДІҢ ҚОЛЫ МЕН ЖЕКЕ МӨРІ _____ М.О.
ПОДПИСЬ И ЛИЧНАЯ ПЕЧАТЬ ВРАЧА _____ М.П.

Дәрігердің жадынамасы

1. Емдеу-профилактикалық ұйымының шифры баспаханалық тәсілмен басылады немесе мөртабан қойылады.

2. Рецепт латын тілінде, анық, айқын жазылады, шарикті қаламмен толтырылады, түзетуге тыйым салынады.

3. Бір бланкіге мыналар жазылуы мүмкін:

а) құрамында 8-оксихинолиннен шыққан заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер бар бір дәрілік зат;

б) қалған дәрілік заттарға бір, екі дәрілік зат.

4. Ережеде қабылданған рецептуралық қысқартуларға ғана рұқсат етіледі.

5. Қатты, сусымалы заттар грамдарда (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар - миллилитрлерде, грамдар мен тамшыларда жазылады.

6. Қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады.

7. "Ішке", "Сыртқа", "Белгілі" деген және басқа да жалпы нұсқаулармен шектеуге рұқсат етілмейді.

8. Рецептті толтырған кезде (ересекке арналған, балаға арналған) қажеттісінің астын сызу керек.

9. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында жазылып берілген рецептілер республиканың бүкіл аумағында жарамды:

а) құрамында 8-оксихинолиннен шыққан заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер бар дәрілік заттар жазылған күннен бастап - 10 күннің ішінде сатып алынса;

ә) тұрақты (ұзақ) емдеуді қажет ететін сырқаттарға дәрілік заттарды (а) тармағында көрсетілген жағдайларда берілетін дәрілік заттарды қоспағанда) жазып беру кезінде рецептілердің жарамдылық мерзімі үш айға дейін белгіленеді. Бұл ретте»Арнайы тағайындалған" деген жазудың және дәрілердің дәріханадан босату мерзімділіктерінің ("апта сайынғы" немесе "ай сайынғы") қажеттісінің астылары сызылып, рецептті жазып берген дәрігердің қолымен және оның жеке мөрімен расталуы тиіс;

б) қалған рецептілер жазып берген күннен бастап бір айға дейін жарамды.

10. Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы тиіс.

Памятка врачу

1. Шифр лечебно-профилактической организации печатается типографским способом или ставится штамп.

2. Рецепт выписывается на латинском языке, разборчиво, четко, шариковой ручкой, исправления запрещаются.

3. На одном бланке может быть выписано:

а) одно лекарственное средство содержащие производные 8-оксихинолина, ядовитые вещества, гормональные стероиды, клонидин, анаболические стероиды ;

б) одно, два лекарственных средства на остальные лекарственные средства.

4. Разрешаются только принятые Правилами рецептурные сокращения.

5. Твердые сыпучие вещества выписываются в граммах (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), жидкие - в миллилитрах, граммах и каплях.

6. Способ применения указывается на государственном или русском языках.

7. Не допускается ограничиваться общими указаниями: "Внутреннее", "Наружное", "Известно" и другие.

8. При заполнении подчеркнуть предназначение рецепта (для взрослого, для ребенка).

9. Рецепты, выписанные в организациях здравоохранения Республики Казахстан, действительны на территории всей республики:

а) на получение лекарственных средств, содержащих производные 8-оксихинолина, ядовитые вещества, гормональные стероиды, клонидин, анаболические стероиды - в течение 10 дней со дня их выписывания;

б) больным, нуждающимся в постоянном (длительном) лечении (за исключением случаев, указанных в пункте а) - до трех месяцев. При этом, подчеркиваются надписи "По специальному назначению" и по периодичности отпуска лекарств из аптеки ("еженедельно" или "ежемесячно"), скрепляются подписью и личной печатью врача, выписавшего рецепт;

в) остальные рецепты - в течение одного месяца со дня их выписывания.

10. Подпись врача должна быть заверена его личной печатью.

Жеке дайындалған (N препараттардың индивидуального приготовления)	препараттардың N индивидуального	Дәріхананың (штамп аптеки)	мөртабаны
Қабылдады (принял)	Дайындады (приготовил)	Тексерді (проверил)	Босатты (отпустил)

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және босату жөніндегі ережеге

А 6 форматы

Нысанның БҚСЖ бойынша коды _____
 Код формы по ОКУД _____
 КҰЖЖ бойынша ұйым коды _____
 Код организации по ОКПО _____

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 200__ жылғы "___" _____ бұйрығымен бекітілген N 132/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации		Медицинская документация Форма N 132/у утверждена п р и к а з о м Министра здравоохранения Республики Казахстан от "___" _____ 200__ года N__

ТҮБІРТЕГІ-КОРЕШОК

Түбіртегі денсаулық сақтау ұйымында қалдырылады да, кейін
 бухгалтерияға тапсырылады
 Корешок остается в организации здравоохранения, затем
 передается в бухгалтерию

Серия _____ N _____
 "___" _____ 200__ жыл (год)

(рецептің жазылған күні, дата выписки рецепта)

Сырқаттың Т.А.Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) _____

Медициналық құжаттың (Медицинская документация) N _____

Диагнозы (диагноз) _____

Мекенжайы (домашний адрес) _____

Учаскенің (участок) N _____

Теңге: _____ тиын: Rр: _____

D.S. _____

Дәрігердің Т.А.Ә. (Ф.И.О. врача) _____

К е с у с ы з ы ғ ы - л и н и я о т р е з а

Формат А 6

Нысанның БҚСЖ бойынша коды _____
Код формы по ОКУД _____
КҰЖЖ бойынша ұйым коды _____
Код организации по ОКПО _____

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 200__ жылғы "___" _____ бұйрығымен бекітілген N 132/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации		Медицинская документация Форма N 132/у утверждена п р и к а з о м Министра здравоохранения Республики Казахстан от "___" _____ 200__ года N _____

Ұйымның мөртабаны, шифры
Штамп, шифр организации

**ТЕГІН НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛДІКТІ РЕЦЕПТ
РЕЦЕПТ БЕСПЛАТНЫЙ или ЛЬГОТНЫЙ
(сызып қою керек - подчеркнуть)**

СЕРИЯ _____ N _____ "___" _____ 200__ жыл (год)
(рецептің жазылған күні, дата выписки рецепта)

БАЛАҒА АРНАЛҒАН ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН
ДЛЯ РЕБЕНКА ДЛЯ ВЗРОСЛОГО
(сызып қою керек - подчеркнуть)

ТЕГІН ТӨЛЕМІ БОЙЫНША _____ %
БЕСПЛАТНО ОПЛАТА _____ %

Сырқаттың Т.А.Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) _____

Диагнозы (диагноз) _____

Мекенжайы (домашний адрес) _____

Медициналық құжаттың (Медицинская документация) N _____

Дәрігердің Т.А.Ә. (Ф.И.О. врача) _____

Теңге: тиын: Rp: _____

D.S. _____

Подпись и личная печать врача _____ м.п.

Келесі беттегі 132/е н.

Оборот ф. 132/у

Жеке дайындалған (N препаратів приготування)	препараттардың N индивидуального	Дәріхананың (штамп аптеки)	мөртабаны
Қабылдады (принял)	Дайындады (приготовил)	Тексерді (проверил)	Босатты (отпустил)

Дәрігердің жадынамасы

1. Емдеу-профилактикалық ұйымының шифры баспаханалық тәсілмен басылады немесе мөртабан қойылады.

2. Рецепт латын тілінде, анық, айқын жазылады, шарикті қаламмен толтырылады, түзетуге тыйым салынады.

3. Бір бланкіге бір дәрілік зат жазылуы мүмкін.

4. Ережеде қабылданған рецептуралық қысқартуларға ғана рұқсат етіледі.

5. Қатты, сусымалы заттар грамдарда (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар - миллилитрлерде, грамдар мен тамшыларда жазылады.

6. Қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады.

7. "Ішке", "Сыртқа", "Белгілі" деген және басқа да жалпы нұсқаулармен шектеуге рұқсат етілмейді.

8. Рецептіні толтырған кезде (ересекке арналған, балаға арналған) қажеттісінің астын сызу керек.

9. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында тегін немесе жеңілдікпен босатылатын дәрілік заттарға жазылып берілген рецептілер республиканың әкімшілік - аумақтық бірлік шегінде (аудан, қала, облыс) 10 күннің ішінде жарамды.

10. Тегін немесе жеңілдікпен босатылатын рецептіні толтырған кезде қажеттісінің астын сызып және жеңілдіктердің пайызын көрсету керек.

11. Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы тиіс.

Памятка врачу

1. Шифр лечебно-профилактической организации печатается типографским способом или ставится штамп.

2. Рецепт выписывается на латинском языке, разборчиво, четко, шариковой ручкой, исправления запрещаются.

3. На одном бланке может быть выписано одно лекарственное средство.

4. Разрешаются только принятые Правилами рецептурные сокращения.
5. Твердые сыпучие вещества выписываются в граммах (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), жидкие - в миллилитрах, граммах и каплях.
6. Способ применения указывается на государственном или русском языках.
7. Не допускается ограничиваться общими указаниями: "Внутреннее", "Наружное", "Известно" и другие.
8. При заполнении подчеркнуть предназначение рецепта (для взрослого или д л я р е б е н к а) ;
9. Рецепты, выписанные в организациях здравоохранения Республики Казахстан на бесплатный или льготный отпуск лекарственных средств действительны в пределах административно-территориальной единицы республики (район, город, область) в течение 10 дней со дня их выписывания;
10. При заполнении рецепта бесплатно нужно подчеркнуть или на льготных условиях нужно подчеркнуть и указать процент льгот.
11. Подпись врача должна быть заверена его личной печатью.

Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлар бар дәрілік
заттарды қоспағанда, дәрілік
заттарға рецепт жазып беру
және босату жөніндегі ережеге

3-қосымша

А 4 ф о р м а т ы
Формат А 4

Нысанның БҚСЖ бойынша коды _____
Код формы по ОКУД _____
КҰЖЖ бойынша ұйым коды _____
Код организации по ОКПО _____

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 200___ жылғы "___" бұйрығымен бекітілген N 133/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации		Медицинская документация Форма N 133/у утверждена п р и к а з о м Министра здравоохранения Республики Казахстан "___"_____200___ года N___

Дәрілік заттарды тегін және жеңілдікпен босатуға арналған рецептердің бланкілері есебін жүргізу кітабы

**К н и г а
учета бланков рецептов на бесплатный и льготный отпуск лекарственных средств**

N	Күні дата	Рецептінің N, сериясы серия, N рецепта	Рецепт бланкісін қабылдаған медицина қызметкерінің Т.А.Ә., қ о л ы Ф.И.О. медицинаского работника, получившего бланк рецепта, подпись

Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлар бар дәрілік
заттарды қоспағанда, дәрілік
заттарға рецепт жазып беру
және босату жөніндегі ережеге

4-қосымша

Негізгі рецептуралық қысқартулар

Қысқартулар	Толық жазылуы	Аудармасы
aa	ana	теңдей
as. Asid.	Acidum	қышқыл
amp.	Ampulla	ампула
aq.	Aqua	су
aq. Purif.	Aqua purificata	тазартылған су
aq. destill.	Aqua destillata	дистиляцияланған су
but.	Butyrum	май (катты)
comp., cps.	Compositus (a, um)	күрделі
D.	Da, Detur, Dentur	Бер. Берілетін болсын. Осылар берілетін болсын
D.S.	Da, Signa; Detur, Signetur	Бер., белгіле. Берілетін, белгіленетін болсын. Берілсін, белгіленсін
D.t.d.	Da (Dentur) tales doses	Осындай мөлшерлерді бер (берілетін болсын)
Dec.	Decoctum	қайнатпа
dil.	dilitus	ерітілген
div. in p. aeq	divide in partes aequales	тең бөліктерге бөл
emuls	emulsum	эмульсия
extr.	extractum	сығынды, сорып алынған
f.	fiat (fiant)	түзілетін болсын (түзілсін)

gtt.	gutta, guttae	тамшы, тамшылар
inf.	infusum	тұнба
in. amp.	in ampullis	ампулаларда
in caps. gel.	in capsulis gelatinosis	желатинді капсулаларда
In tabl.	in tab(u)leettis	таблеткаларда
lin.	linimentum	сұйық жақпа май
liq.	liquor	сұйықтық
M. pil.	vassa pilularum	пилюльдік салмақ
M.	Misce; Misceatur	А р а л а с т ы р . Араластырылатын болсын. Араластырылсын
N.	numero	санмен
ol.	oleum	май (сұйық)
pil.	pilula	пилюля
p. aeq.	partes aequales	тең бөліктер
pulv.	pulvis	ұнтақ
q.s.	quantum satis	қанша қажет, қанша керек
r., rad.	radix	тамыр
Rp.	Resire	Ал
Rep.	Repete. Repetatur	Қ а й т а л а . Қайталанатын болсын
rhiz.	rhizoma	сала тамыр
S.	Signa. Signetur	Б е л г і л е . Белгіленетін болсын
sem.	semen	ұрық
simpl.	simplex	қарапайым
sir.	sirupus	шырын
sol.	solutio	ерігінді
supp.	suppositorium	балауыз
tabl.	tab(u)letta	таблетка
t-ra, tst.	tinctura	тұнба
ung.	unguentum	жақпа май
vitr.	vitrum	шыны ыдыс
8pt}, praec.	praecipitatus	тұнған
past.	pasta	паста

Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлар бар дәрілік
заттарды қоспағанда, дәрілік

